

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық  
резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту және броньнан  
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

**Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2**

**16.03.2017 ж.  
сағ.: 11:45**

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

**комиссия мүшелері:** Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқарма басшысының м.а., Е.С. Рахматулла - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасы басшысының м.а., Б.А. Тұргелдинова – ММРК Экономика, қаржы және құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасы басшысының м.а., Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысының м.а., Б. Ә. Орынбеков – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының м.а., Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспаған: Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, тендерлік комиссияның төраға орынбасары – (еңбек демалысында 2017 жылғы 10 наурыздағы № 150 бұйрық), Д. А. Жарылқапов – ММРК «Резерв» РМК Бас директоры- (еңбек демалысында, 2017 жылғы 10 наурыздағы № 140 бұйрық).

**Күн тәртібі:**

**1.** Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №18 - №246 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42 тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 %-ға төмендету.

**2.** Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасасылған шарттарға сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтардың көлемін төмендету.

Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақты қарап, **ШЕШТІ:**

**1.** №18 - №246 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік

*Д. Дүйсекенова*

*А. Абуева*

материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42 тармақтарына сәйкес төмендетілсін:

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

«Сатып алу туралы» Заңның 39 бабы 3 тармағының 8) тармақшасына сәйкес 2017 жылғы 06 наурыз бен 13 наурыз кезеңінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын мемлекеттік сату бойынша жасасылған шарттарға байланысты материалдық құндылықтардың көлемі төмендетілсін:

- 68 лоты «күріш жармасы» 0,744 тоннаға;
- 293 лоты «жоғарғы сұрыпты бидай ұны» 0,858 тоннаға;
- 338 лоты «сары май» 5,343 тоннаға;
- 349 лоты «шай» 0,09 тоннаға;
- 352 лоты «шай» 3,037 тоннаға;
- 534 лоты «тұз» 0,104 тоннаға.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

3. 2017 жылғы 16 наурыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы шығарылатын мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-қорында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 16 наурызда сағат 12.10-да жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 16 наурыздағы өзегістерді есепбімен 2017 жылғы жаңарту тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, 22 бетте.


**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С.К.




**Комиссия мүшелері:**

Дүйсекенова Д.Н.




Рахматулла Е.С.



Иманбаев Н.М.



Түргелдинова Б.А.



Орынбеков Б. А.



**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.Е.

